

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

Мақала туралы мәлімет

Конференция атауы	«Жастар және ғылым: бүгін мен болашағы» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы
Сборник	«Молодежь и наука: настоящее и будущее». Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых
Conference	The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «Youth and Science: Present and Future»
Өткізілген күні	7 сәуір 2025, Атырау
ISBN	978-601-262-587-5
Жинақтағы жариялану №	117
Жинақтағы беттері	548-552
ӘОЖ/УДК/UDC	ӘОЖ 336.221.264
Секция	Секция IV. II Адам құқығын қорғау – құқықтық және әділ мемлекет құрудың кепілі/ / Защита прав человека – залог создания правового и справедливого государства
Автор(лар)	Самат Әсем Дулатқызы
Мәртебесі	Студент
Ғылыми жетекші	Ғылыми жетекшісі, з.ғ.м., сеньор-лектор Айтмуханова Д.У.
Мақала атауы	ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЛЫҚТЫҚ ЖҮКТЕМЕ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІК ПЕН ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛЕТТІЛІК АРАҚАТЫНАСЫ

Ескерту: бұл бет сайтқа орналастыру және мақала PDF-ін сәйкестендіру үшін қосылды. Төменде жинақтағы мақаланың түпнұсқа беттері берілген.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЛЫҚТЫҚ ЖҮКТЕМЕ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІК ПЕН ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛЕТТІЛІК АРАҚАТЫНАСЫ

Самат Әсем Дулатқызы
Құқықтану ББ 3 курс студенті
samatasem2@gmail.com

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, з.ғ.м., сеньор-лектор Айтмуханова Д.У.

Салықтық жүйе кез келген мемлекеттің экономикалық тұрақтылығы мен әлеуметтік дамуының негізін құрайды. Қазақстан Республикасында салық саясаты мемлекеттік бюджетті қалыптастырудың басты құралдарының бірі бола отырып, экономикалық тиімділік пен әлеуметтік әділеттілік арасындағы тепе-теңдікті сақтауға бағытталған. Соңғы жылдары елдегі салықтық жүктеме салыстырмалы түрде тұрақты деңгейде сақталып келеді. Мәселен, 2022 жылы салықтық түсімдердің ЖІӨ-дегі үлесі 28,6%-ды құрады, бұл 2004 жылғы көрсеткіштермен шамалас. Негізгі салық төлеушілер қатарына тау-кен өндіру секторындағы ірі кәсіпорындар кіреді, олардың салықтық аударымдары 2022 жылы шамамен 9,5 трлн теңгені құрады. Сонымен қатар, Қазақстанда салық жүйесін жетілдіру мақсатында бірқатар реформалар жүзеге асырылуда. Олардың негізгі мақсаты – салықтық әкімшілендіруді оңтайландыру, бюджет кірістерін ұлғайту және көлеңкелі экономиканы қысқарту. Алайда, бұл өзгерістер ел экономикасына әртүрлі әсер етуде. Қазіргі уақытта қоғамда ең көп талқыланатын мәселелердің бірі – қосылған құн салығының (ҚҚС) мөлшерлемесін 12%-дан 16%-ға дейін арттыру бастамасы. Үкімет бұл шараны бюджет кірістерін арттыру және салықтық түсімдердің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында ұсынып отыр. Дегенмен, экономистер мен кәсіпкерлер бұл өзгеріс халықтың сатып алу қабілетіне және шағын және орта бизнеске теріс әсер етуі мүмкін екенін алға тартады. Осы мақалада Қазақстандағы салықтық жүктеменің ағымдағы жағдайы, ҚҚС мөлшерлемесін арттырудың ықтимал салдары, сондай-ақ экономикалық тиімділік пен әлеуметтік әділеттілік арасындағы арақатынастың сақталу мәселелері қарастырылады.

Салық – бұл мемлекет бюджетінің кіріс бөлігін қалыптастырудың негізгі құралы, заңды және жеке тұлғалардан белгіленген мөлшерде және мерзімде міндетті түрде алынатын төлем. Қазақстандағы салық жүйесінің қалыптасуы мемлекеттік тәуелсіздік жарияланған сәттен басталды. Салық жүйесін құрудың негізі – Қазақстан Республикасының Конституциясы, оның 35-бабында «заңмен белгіленген салықтарды, алымдарды және басқа да міндетті төлемдерді төлеу – әркімнің борышы әрі міндеті» деп көрсетілген. Бұл норма салық жүйесінің құрылуы мен жұмыс істеуінің негізгі қағидатын анықтайды: салықтар, алымдар және өзге де міндетті төлемдер заңнамалық тәртіппен белгіленеді. Пландық директивалық экономикада мұндай тәжірибе болмаған. Қазақстан Республикасында алғаш рет 1991 жылғы желтоқсанда «Салық жүйесі туралы» заң қабылданды. Бұл заң салық салу жүйесін заңнамалық тұрғыда реттеу әрекеті болды. Бастапқыда үш деңгейлі салық жүйесі құрылды: республикалық, міндетті жергілікті және жергілікті салықтар. Салық жүйесінің негізін 1992 жылы арнайы қабылданған «Қосылған құн салығы туралы» заңға сәйкес енгізілген қосылған құн салығы (ҚҚС), акциздер, пайдаға салынатын салық, жеке және заңды тұлғалардың мүлкіне салынатын салық, жер салығы, табыс салығы және т.б. құрады. Жалпы, бұл кезеңде 43-тен астам салық пен басқа да міндетті төлемдер қолданылды. Бюджетке тікелей төленетін салықтармен қатар, бюджеттен тыс қорлар да құрылды, оларға барлық кәсіпкерлік субъектілері міндетті төлемдер жүргізді. Алайда, сарапшылардың пікірінше, бұл салық жүйесінің тиімсіздігі оның күрделілігіне, тұрақты құқықтық базаның болмауына және төлем қабілетсіздіктің жалпы дағдарысына байланысты болды. 1991 жылғы салық жүйесі негізінен мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігін қамтамасыз етуге бағытталды және шағын және орта бизнестің ерекшеліктерін ескермеді.

Салық салудың күрделілігі мен тұрақсыздығы олардың дамуы мен қаржыландырылуында қиындықтар тудырды. А.Б.Зейнелбабиннің зерттеуіне сәйкес, бюджет пен бюджеттен тыс қорларға түскен салық түсімдерінің 52,3%-ы өзіндік құн есебінен, ал пайданың үлесіне тек 18,3% тиесілі болған. Бұл жоғары салықтық жүктеме бағаның қалыптасуына әсер етті. Осы кезеңдегі бағаның өсуі негізінен салықтық шығындармен байланысты болды. Сұраныс теориясына сәйкес, баға – шағын бизнес субъектілері үшін негізгі факторлардың бірі. Осылайша, баға деңгейінің жоғары болуы нарықтағы бәсекелестікті шектейтін факторға айналды.

Салықтық жүктеменің артуы бастапқыда мемлекеттік бюджеттің кірісін ұлғайтып, салық жүйесінің тиімділігін арттырғанымен, белгілі бір межеден кейін бұл үрдіс кері әсер ете бастайды. Бұл құбылыс А. Лаффердің салық қисығымен түсіндіріледі. Ол өз зерттеулерінде:

«Тым жоғары салық мөлшерлемелері өндірісті ынталандырудың орнына, оны тежейді, нәтижесінде жалпы салық түсімдері төмендейді» – деп атап өткен. Салық мөлшерлемесінің белгілі бір деңгейге дейін өсуі мемлекеттік бюджетке түсетін кірістерді ұлғайтқанымен, мөлшерлеме шекті деңгейден асқанда, салық төлеушілердің ауыртпалығы артып, бизнес субъектілері өндірісті қысқартуға немесе мүлде тоқтатуға мәжбүр болады. Нәтижесінде салық базасы тарылып, бюджетке түсетін түсімдер азаяды. Сонымен қатар, кәсіпкерлер мен азаматтар заңды немесе заңсыз жолмен салықтық міндеттемелерін төмендету амалдарын іздей бастайды, бұл көлеңкелі экономиканың өсуіне әкелуі мүмкін.

Осыған ұқсас тенденция Қазақстанда да байқалады. Егер салық саясаты салықтық жүктемені оңтайлы деңгейде ұстап тұруға бағытталмаса, бұл ел экономикасының дамуына кері әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан, салық жүйесін реформалау барысында оның икемділігі мен бизнеске түсетін жүктеменің теңгерімділігі ескерілуі қажет.

Осыған байланысты кез келген мемлекеттің салық жүйесін қалыптастыру және жетілдіру барысында салық төлеушіге түсетін жүктемені оңтайландыру маңызды рөл атқарады, бұл дамыған экономикасы бар елдерге де, өтпелі кезеңдегі мемлекеттерге де қатысты өзекті мәселе болып табылады.

Қазақстан Республикасында салық жүйесі «Салық және Бюджетке төленетін міндетті төлемдер» Кодексімен реттеледі және елдің экономикалық тұрақтылығын, әлеуметтік бағдарламалардың қаржыландырылуын қамтамасыз ететін басты тетік болып табылады. Қазақстандағы салық жүйесі мен салық саясаты қазіргі таңда қоғамда жиі талқыланатын өзекті тақырыптардың бірі болып отыр. Елдегі салықтық әкімшілендірудің тиімділігін арттыру және кәсіпкерлер үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында жаңа реформалар енгізілуде. Алайда, бұл өзгерістер кейбір мәселелерді де тудырып отыр. Осы тақырып бойынша қоғамда қызу талқыға түскен мәселелердің бірі Қосалқы Құн салығының пайыздық мөлшерлемесінің артуы. Бұл мәселе төңірегінде қоғамда қызу талқы орын алып, халықтың пікірі мен үкіметтің және кіші, орта бизнес өкілдерінің көзқарастары қақ айрылды. Соған сәйкес, бірнеше пікірлерді қарастырып, талдап көруді жөн көрдім. Бірінші кезекте бизнес өкілдерінің сыни көзқарастарын талқылар болсам, жалпы кәсіпкерлер салық саясатының өзгерістеріне қатысты бірқатар алаңдаушылықтарын білдіруде. «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының (НПП) мәліметінше, бизнес қауымдастығы салық жүктемесін төмендету үшін әлеуметтік салық пен жұмыс берушілердің зейнетақы жарналарын алып тастау туралы ұсыныс енгізді. Сонымен қатар, НДС (ҚҚС) мөлшерлемесін көтеру тұтыну бағаларының өсуіне және инфляцияның жеделдеуіне алып келуі мүмкін деген қауіп бар. Сарапшылардың есептеуінше, егер НДС 12%-дан 20%-ға дейін көтерілсе, инфляция 4,5%-ға артуы ықтимал, ал ЖІӨ өсімі жылына 2-3%-ға төмендеуі мүмкін.

Бұл тұста, мемлекеттік көзқарасты да қарастыратын болсақ, ҚР Үкіметі енгізілетін өзгерістер бизнес үшін тиімді әрі әділ болатынын мәлімдейді. Вице-министр Азамат Амриннің айтуынша, реформа барысында бақылау-қадағалау шараларынан гөрі салық төлеушілерді қолдау тәсілдері күшейтіледі. Мысалы, есеп беру мерзімін өткізіп алған кәсіпкерлерге алғашында айыппұл салынбай, тек ескерту жасалады. Сондай-ақ, тіркелмеген кәсіпкерлерге қатысты әкімшілік жазалар жеңілдетіліп, жабылу рәсімдері оңайлатылды.

Қоғамда салықтық реформаларға қатысты алаңдаушылық артып келеді. Әсіресе, халықтың тұтынушылық қабілетіне әсер етуі мүмкін өзгерістер қызу пікірталас тудырып отыр. Экономистер мен сарапшылардың пікірінше, қосылған құн салығының (ҚҚС) өсуі тауарлар мен қызметтердің қымбаттауына алып келуі ықтимал, бұл әсіресе халықтың табысының едәуір бөлігі азық-түлікке жұмсалатын жағдайында әлеуметтік қиындықтарға соқтыруы мүмкін. Қазіргі уақытта азаматтар коммуналдық қызметтер тарифтерінің өсуіне, жалақы мен зейнетақының салыстырмалы түрде баяу өсуіне және салық жүктемесінің артуына наразы екенін әлеуметтік желілерде жиі көтеруде. Көптеген азаматтар жалақының бір бөлігінің салық төлеуге, несие мен ипотека өтеуге, әкімшілік айыппұлдарды жабуға кететінін атап өтеді. Мұндай жағдайда ҚҚС мөлшерлемесінің көтерілуі халық үшін қосымша қаржылық ауыртпалық болуы мүмкін. Сонымен қатар, қоғамда әділдік мәселесі көтерілуде. Егер мемлекет салық мөлшерлемелерін ұлғайтса, неге жалақы, зейнетақы және әлеуметтік төлемдер де сол деңгейде өсірілмейді? деген сұрақ көптеген азаматтар үшін өзекті болып отыр. Бұл сұрақтың жауабы мемлекеттік бюджет саясатының басымдықтарына, макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету шараларына және әлеуметтік қолдау механизмдерінің тиімділігіне байланысты. Алайда, мұндай шешімдер қабылданбаса, халықтың тұрмыс сапасының төмендеуі мен экономикалық теңсіздіктің арту қаупі бар.

Сондықтан, салықтық реформаларды енгізу кезінде оның әлеуметтік әсерін жан-жақты зерттеу, халықтың төлем қабілеттілігін ескеру және әлеуметтік қолдау шараларын күшейту қажет. Әйтпесе, салықтық ауыртпалықтың өсуі көлеңкелі экономиканың кеңеюіне, төлемеушілер санының артуына және салық жүйесіне деген сенімнің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Қазақстандағы салық жүйесі экономиканың әртүрлі секторларына әрқалай әсер етеді. Соңғы жылдары салықтық жүктеме салыстырмалы түрде тұрақты болғанымен, оның құрылымы ірі және шағын кәсіпкерлікке түсетін ауыртпалықтың әділетті бөлінуіне қатысты мәселелерді тудырып отыр. 2022 жылы Қазақстанның ЖІӨ-ге шаққандағы салықтық түсімдерінің үлесі 28,6%-ды құрады, бұл 2004 жылғы көрсеткішке сәйкес келеді. Негізгі салық төлеушілер ретінде тау-кен және мұнай-газ саласындағы ірі кәсіпорындар ерекшеленеді. 2022 жылы бұл сектордан түскен салық көлемі шамамен 9,5 трлн теңгені құрады, ал негізгі салық төлеушілер қатарында «Тенгизшевройл», «Карачаганак Петролиум Оперейтинг» және «Маңғыстаумұнайгаз» сияқты ірі мұнай компаниялары бар. Салық жүйесін реформалау барысында үкіметтің басты мақсаты – салықтық әкімшілендіруді оңтайландыру, бюджет кірістерін арттыру және көлеңкелі экономиканы азайту. Дегенмен, бұл өзгерістер әсіресе шағын және орта бизнеске айтарлықтай әсер етуі мүмкін. 2025 жылы 27 ақпанда Мәжілісте экономистер үкіметтің қосылған құн салығының (ҚҚС) мөлшерлемесін қазіргі 12%-дан 16%-ға дейін көтеру және тіркеу шегін төмендету жоспарын ұсынған болатын. Бұл бизнес үшін бірнеше теріс салдарға әкелуі ықтимал. Біріншіден, өндірістік шығындардың ұлғаюына байланысты тауарлар мен қызметтердің құны артады, бұл тұтынушылар үшін қаржылық ауыртпалықты күшейтеді. Екіншіден, сұраныстың төмендеуі шағын және орта бизнес кірістерін азайтып, кейбір кәсіпорындардың жабылуына немесе көлеңкелі экономикаға өтуіне себеп болуы мүмкін. Салықтық ауыртпалықтың артуы көлеңкелі экономиканың кеңею қаупін күшейтеді. Бизнес үшін салықтық міндеттемелерді орындаудың күрделенуі кейбір кәсіпкерлерді салықтан жалтару немесе бейресми жұмыс істеу жолдарын іздеуге итермелейді. Бұл өз кезегінде бюджетке түсетін кірістердің төмендеуіне және экономикалық тұрақтылықтың әлсіреуіне алып келуі мүмкін.

Осыған байланысты Қазақстанның салық саясаты шағын және орта бизнеске икемді әрі қолайлы жағдай жасауды көздеуі тиіс. Салықтық жүктемені әділетті бөлу мақсатында шағын және орта бизнес үшін жеңілдетілген салық режимдерін қарастыру, сондай-ақ салық мөлшерлемелерінің өсуінің әлеуметтік-экономикалық салдарын мұқият талдау қажет. Егер салықтық реформалар мұқият жоспарланбаса, олар мемлекеттік бюджеттің кірісін ұлғайту орнына экономикалық белсенділіктің төмендеуіне және халықтың әлеуметтік жағдайының нашарлауына алып келуі мүмкін.

Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы салықтық жүктеменің қазіргі жағдайы, оның экономика мен әлеуметтік салаға ықпалы, сондай-ақ кәсіпкерлер мен халықтың салық саясатына деген көзқарастары туралы маңызды қорытындыларды көрсетеді. Бірінші, салықтық жүктеменің экономикалық тиімділігі: Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Қазақстандағы салықтық түсімдердің ЖІӨ-дегі үлесі 2022 жылы 28,6%-ды құрады. Бұл көрсеткіш салыстырмалы түрде тұрақты болғанымен, ел экономикасы әлі де мұнай-газ секторына тәуелді. 2022 жылы тау-кен өндірісі саласындағы компаниялар 9,5 трлн теңге көлемінде салық төлеген, ал ең ірі салық төлеушілердің қатарында «Тенгизшевройл», «Карачаганак Петролиум Оперейтинг» және «Маңғыстаумұнайгаз» секілді корпорациялар бар. Бұл мәліметтер салық жүйесінің негізгі жүктемесі ірі шикізаттық компанияларға түсетінін көрсетеді, ал шағын және орта бизнес үшін салық ауыртпалығы әлі де өзекті мәселе болып отыр. Екінші, салық реформалары және олардың ықпалы: Қазақстанда жүргізіліп жатқан салықтық реформалар экономиканы әртараптандыру, салықтық әкімшілендіруді жетілдіру және көлеңкелі экономиканы азайту мақсаттарын көздейді. Алайда, соңғы өзгерістер, әсіресе қосылған құн салығының (ҚҚС) 12%-дан 16%-ға дейін көтерілуі туралы ұсыныстар қоғамда қызу пікірталас тудырды. Сарапшылардың бағалауы бойынша, бұл шара инфляцияның 4,5%-ға артуына және ЖІӨ өсімінің 2-3%-ға төмендеуіне әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, шағын кәсіпорындар үшін салық жүктемесінің артуы олардың бәсекеге қабілеттілігін төмендетуі ықтимал. Халықтың әлеуметтік жағдайы және салық саясаты

Зерттеу барысында салық реформаларының халықтың өмір сүру деңгейіне тікелей әсер ететіні анықталды. Әлеуметтік желілер мен сараптамалық талқылаулар көрсеткендей, халықтың көпшілігі жалақының салыстырмалы түрде төмен болуы мен салық мөлшерлемелерінің артуы арасындағы теңгерімсіздікке алаңдаулы. Егер салық жүктемесі артқан жағдайда, әлеуметтік төлемдер мен жалақы өсімін синхрондау қажеттігі туындайды.

Үшінші, кәсіпкерлікті дамыту және салық саясатының икемділігі: Шағын және орта бизнесті қолдау мақсатында салықтық әкімшілендіруді жеңілдету маңызды. Бизнес қауымдастығы әлеуметтік салық пен зейнетақы жарналарын қайта қарастыруды және әкімшілік жүктемені төмендетуді ұсынуда. Егер бұл шаралар тиімді жүзеге асырылса, кәсіпкерлер үшін қолайлы жағдай жасалып, бюджеттік түсімдердің тұрақтылығы қамтамасыз етіледі.

Жоғарыда көрсетілген нәтижелерді ескере отырып, Қазақстандағы салық жүйесін жетілдірудің бірнеше бағыттары ұсынылады:

- Экономиканы әртараптандыру: Салық түсімдерінің негізгі бөлігін шикізаттық сектор емес, өңдеу өнеркәсібі, IT және ауыл шаруашылығы сияқты салалар қамтамасыз етуі тиіс.
- Салық ауыртпалығының әділ бөлінуі: Прогрессивті салық жүйесін енгізу арқылы төмен табысты азаматтар үшін жеңілдіктер қарастыру қажет.
- Кәсіпкерлікті қолдау: Салық ставкаларын бизнестің даму кезеңдеріне қарай саралау, стартаптарға салықтық демалыстар беру және салықтық әкімшілендіруді цифрландыру қажет.
- Әлеуметтік факторларды ескеру: Халықтың өмір сүру деңгейіне қатысты зерттеулер жүргізу арқылы салықтық өзгерістердің әлеуметтік әсерін алдын ала бағалау керек.

Осы ұсыныстардың іске асырылуы салық жүйесінің тиімділігін арттырып, экономикалық өсімді ынталандыруға ықпал етеді.

Заң мамандығында білім алып жатқандықтан, салық саясатының мемлекет экономикасы мен әлеуметтік тұрақтылықтағы ролін жақсы түсінемін. Салық – республикалық бюджеттің негізгі кіріс көзі, ол арқылы мемлекеттік бағдарламалар қаржыландырылып, экономикалық дамуға жағдай жасалады. Алайда Қазақстанның салықтық жүйесі мұнай секторына тым тәуелді болып отыр. Қазіргі таңда мемлекеттік бюджеттің едәуір бөлігі мұнайдан түсетін кіріске негізделген, бірақ бұл ресурс шектеулі әрі оның бағасы тұрақсыз. Мұнайдың бір күні сарқылатынын немесе оның бағасының құлдырауы ықтимал екенін ескерсек, бюджет түсімдерінің басқа көздерін дамыту – стратегиялық маңызы бар мәселе. Сондықтан, мен салықтық саясатты реформалау барысында шағын және орта бизнесті қолдау қажеттігін толықтай қолдаймын. Дамыған елдер тәжірибесі көрсеткендей, тұрақты экономикалық өсім мен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін шағын және орта кәсіпкерлікке қолайлы жағдай жасау маңызды. Қазақстанда бұл сектордың әлеуеті жоғары, бірақ қазіргі салықтық

жүктеме көптеген кәсіпкерлер үшін қиындық тудырып отыр. Егер шағын бизнесті дамытуға бағытталған жеңілдіктер мен ынталандыру шаралары енгізілсе, бұл бюджеттің кіріс бөлігін әртараптандыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, салықтық саясат халықтың әлеуметтік жағдайын ескере отырып жүргізілуі керек деп есептеймін. Қазақстан халқының басым бөлігі жалақысының негізгі бөлігін күнделікті қажеттіліктерге жұмсайды, сондықтан салық жүктемесінің артуы олардың өмір сүру деңгейіне тікелей әсер етеді. ҚҚС мөлшерлемесін көтеру инфляцияға ықпал етіп, халықтың сатып алу қабілетін төмендетуі мүмкін. Сондықтан, салық мөлшерлемелерін белгілеуде халық табысының деңгейі мен өмір сүру құнын ескеру қажет. Жалпы, салық саясаты тек бюджетті толтыру құралы ғана емес, ол әлеуметтік әділеттілік пен экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ететін тетік болуы тиіс. Сол себепті, реформалар халықтың төлем қабілеттілігі мен шағын бизнестің даму мүмкіндіктерін ескере отырып, кешенді түрде жүргізілуі керек.

Қазақстандағы салық саясаты ел экономикасының тұрақтылығы мен әлеуметтік теңдікті қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Дегенмен, қазіргі салықтық жүйенің мұнай секторына тәуелділігі, шағын және орта бизнесті дамытудағы қиындықтар, сондай-ақ халықтың әлеуметтік жағдайын ескермейтін кейбір реформалар бірқатар мәселелерді тудырып отыр. Осыған байланысты, салықтық жүктемені оңтайландырып, экономиканың әртараптандырылуын қамтамасыз ететін жаңашыл шешімдер қажет.

Бірінші, салықтық реформаларды жүргізу барысында халықтың төлем қабілеттілігіне талдау жасап, салық мөлшерлемелерін жалақы деңгейімен сәйкестендіру қажет. Бұл үшін прогрессивті салық жүйесін енгізу тиімді болар еді, яғни табысы төмен азаматтарға салықтық жеңілдіктер қарастырылып, жоғары табысы бар тұлғаларға салықтың өсуі қарастырылуы мүмкін.

Екінші, шағын және орта бизнесті дамыту мақсатында салықтық жеңілдіктер жүйесін жетілдіру қажет. Қазіргі таңда кәсіпкерлер салықтық әкімшілендірудің күрделілігіне байланысты қиындықтарға тап болуда. Сондықтан, шағын кәсіпорындар үшін бірыңғай салық режимдерін жеңілдету, салықтық есептілікті автоматтандыру және цифрландыру арқылы салық төлеу үрдісін оңайлату маңызды.

Үшінші, салық түсімдерін тек мұнай-газ секторына тәуелді қылмай, жаңа экономикалық салаларды дамыту қажет. Бұл ретте, IT, жасыл экономика, ауыл шаруашылығы және өңдеу өнеркәсібін қолдау маңызды. Мемлекет бұл секторларда жұмыс істейтін кәсіпорындарға салықтық демеу беру арқылы экономиканы әртараптандыра алады.

Төртінші, Қазақстанда салықтық әкімшілендірудің ашықтығын қамтамасыз ету үшін салық түсімдері мен олардың жұмсалуын халыққа қолжетімді форматта жариялау керек. Бұл салық төлеушілердің сенімін арттырып, салықтан жалтару деңгейін төмендетуге ықпал етеді.

Қорытындылай келе, салық саясаты экономикалық өсімнің драйверіне айналуы үшін оның әділеттілігі мен тиімділігіне ерекше мән берілуі тиіс. Салық жүйесін реформалау барысында халықтың әлеуметтік жағдайы, кәсіпкерлікті дамыту қажеттілігі және бюджеттің тұрақтылығы арасындағы теңгерімді сақтау басты міндет болып қала бермек.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Салық кодексі. – [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік: <https://adilet.zan.kz>
2. Ranking.kz. Қазақстандағы салықтық жүктеме туралы талдау. – [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік: <https://ranking.kz>
3. «Повышение ставки НДС в Казахстане: мнения экспертов» <https://www.zakon.kz/amp/finansy/6468680-povyshenie-stavki-nds-v-kazakhstan-mneniya-ekspertov.html>
4. OECD (2023). Tax Policy Reforms in Kazakhstan: Economic Impact and Prospects. – [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік: <https://www.oecd.org/Innovative-Approaches-in-Agricultural-Sustainability-and-Environmental-Impact-Management/>